

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



Asian journal "STEPPE PANORAMA"



2025. 12 (2)

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025

© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ / ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ /
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 2, pp. 343-355, 2025
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_2_343-355

PROBLEMS OF SOCIAL STATUS IN LATE MEDIEVAL KAZAKH SOCIETY

Nogaybayeva Mendigul Sagatovna^{1}, Shakirbayeva Indira Tulegenovna²*

¹Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Aven., 050038 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>. E-mail: nmskaz1129@gmail.com
*Corresponding Author

²Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Aven., 050038 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctoral Student
 <https://orcid.org/0000-0002-5937-749X>. E-mail: indira.81-81@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Nogaybayeva M.S., Shakirbayeva I.T., 2025

Abstract. *Introduction.* Research on social status in medieval Kazakh society enables the identification of the positions and roles of social groups, the organizational characteristics of society, methods of access to resources, and the societal views and value systems. *The purpose and objectives of the study* analysis of problems of social status in Kazakh society during the late Middle Ages In addition to classical written sources, the research incorporates folk traditions and oral literature as essential empirical data. The methodological framework is founded on the principles of interdisciplinary research. *Results.* The emergence of social status among groups in Kazakh society was not determined material wealth but was instead rooted in personal qualities and individual achievements. The social structure of Kazakh society, whose economic foundation in the medieval period was based on nomadic pastoralism, cannot be directly compared to those of sedentary societies. Classical conceptual frameworks are insufficient for explaining the social relations, formation, status, and mutual hierarchies of social groups in Kazakh society. Unlike the rigid social pyramids characteristic of sedentary societies, the concept of stratification in nomadic societies is inherently more flexible. *Conclusion.* The study concludes that in traditional Kazakh society, figures such as biys, batyrs, and aqsaqs formed the social elite based on personal capabilities that garnered societal recognition. Despite this, the economic and legal statuses of social groups remain underexplored within Kazakh historiography. Social status shaped the broader framework of Kazakh socio-economic and political organization, as well as its spiritual and cultural values. However, the colonial policies of the Russian Empire disrupted the sacred cultural space of Kazakh society.

Keywords: Social status, social groups, public organization, Kazakh society, historiography, batyrs, biys, tarkhans

For citation: Nogaybayeva M.S., Shakirbayeva I.T. Problems of social status in late medieval kazakh society // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 2. Pp. 343–355. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_343-355

КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ногайбаева Мендигуль Сағатовна^{1*}, Шакирбаева Индира Тулегеновна²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050038 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
 <https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>. E-mail: nmskaz1129@gmail.com

*Автор-корреспондент

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050038 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Докторант
 <https://orcid.org/0000-0002-5937-749X>. E-mail: indira.81-81@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Ортағасырлардағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебе мәселелерін зерттеу әлеуметтік топтардың позицияларын, рөлдерін, ұйымдасу ерекшеліктерін, олардың ресурстарға қол жеткізу жолдарын, көзқарастар мен құндылықтар жүйесін айқындауға мүмкіндік береді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:* Кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебе мәселелерін талдау. Деректік негізі ретінде жазба деректермен қатар халық фольклоры, ауыз әдебиет үлгілері қарастырылады. Зерттеудің әдіснамалық негізін пәнаралық зерттеулер принциптері құрайды. *Нәтижелер.* Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың әлеуметтік мәртебесінің пайда болуы индивидтің материалдық игіліктерге ие болуымен емес, адамның жеке бас қасиеттері мен жетістіктеріне байланысы болған. Ортағасырлардағы экономикалық базисі көшпелі мал шаруашылығына негізделген қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен ерекшеліктерін отырықшы-егіншілікке негізделген қоғамдармен салыстыруға болмайды. Классикалық тұжырымдармен дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатыстарды, әлеуметтік топтардың қалыптасуы, мәртебесі, өзара иерархиясын анықтау мүмкін емес. Бұл көшпелі қоғамның әлеуметтік стратификациясын анықтаудағы қиындықтармен байланысты. Көшпелі қоғамдардағы әлеуметтік стратификация ұғымы отырықшы қоғамдардың классикалық әлеуметтік пирамидасына ұқсас бола бермейді. Көшпенділердегі иерархия деңгейлері түрі жағдайларға байланысты икемді болуымен ерекшеленеді. *Қорытынды.* Мақалада дәстүрлі қоғамда мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын айқындаған билер, батырлар мен ақсақалдар жеке қабілеттеріне байланысты қол жеткізген мәртебесі арқылы әлеуметтік элитаны құрай отырып, олардың билігі қоғам тарапынан мойындалып, бекітілгені тұжырымдалады. Қазақстандық тарихнамада әлеуметтік топтардың экономикалық және құқықтық мәртебесі толық зерттелмеген. Әлеуметтік мәртебе адамның қоғамдағы жауапкершілігін де айқындаған. Бұл қазақ қоғамының экономикалық-әлеуметтік және қоғамдық-саяси ұйымдасуының ғана емес, рухани-мәдени құндылықтар желісі мен өзара қарым-қатынастар нормасын түзеді. Бірақ, Ресей империясының отарлау саясатының нәтижесінде қазақ қоғамының мәдени сакральді кеңістігі бұзылды.

Түйін сөздер: Әлеуметтік мәртебе, әлеуметтік топтар, әлеуметтік ұйымдасу, қазақ қоғамы, тарихнама, батырлар, билер, тархандар

Дәйексөз үшін: Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. Кейінгі ортағасырлық қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәртебе мәселелері // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. 343–355 бб. (Қазақш.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_343-355

ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

Ногайбаева Мендигуль Сағатовна^{1}, Шакирбаева Индира Тулегеновна²*

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. Аль-Фараби, 050038 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
 <https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>. E-mail: nmskaz1129@gmail.com

*Корреспондирующий автор

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. Аль-Фараби, 050038 Алматы, Республика Казахстан)
Докторант
 <https://orcid.org/0000-0002-5937-749X>. E-mail: indira.81-81@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т., 2025

Аннотация. *Введение.* Изучение проблем социального статуса в казахском обществе в период позднего средневековья позволяет определить позиции, роли социальных групп в обществе, особенности организации общества, пути их доступа к ресурсам, позволяет определить систему общественных взглядов и ценностей. *Цель и задачи исследования* Анализ проблем социального статуса в казахском обществе в период позднего средневековья. В качестве источников наряду с классическими письменными данными используются образцы народного фольклора и устной литературы. Методологическая основа исследования опирается на принципы междисциплинарного подхода. *Результаты.* Возникновение социального статуса в социальных группах казахского общества было связано не с материальными возможностями, а с личностными качествами и достижениями человека. Социальная структура и особенности казахского общества, экономический базис которого основан на кочевом хозяйстве, нельзя сравнивать с оседло-земледельческими обществами. Классическими выводами невозможно определить особенности социальных отношений в традиционном казахском обществе, формирование социальных групп, статуса, взаимную иерархию. Это связано с трудностями в определении социальной стратификации кочевого общества. Понятие социальной стратификации в кочевых обществах не всегда схоже с классической социальной пирамидой оседлых обществ. Иерархические уровни в кочевых обществах отличались высокой гибкостью и адаптивностью в зависимости от конкретных обстоятельств. *Вывод.* В статье делается вывод о том, что бии, батыры и старейшины, определявшие внутреннюю и внешнюю политику государства в традиционном обществе, формировали социальную элиту через статус, достигнутый благодаря их личным способностям, а их власть признавалась и одобрялась обществом. В казахстанской историографии до конца не изучен экономический и правовой статус социальных групп. Социальный статус также определял ответственность человека в обществе. Это сформировало нормы не только в сфере экономической-социальной и общественно-политической организации казахского общества, но и в сфере духовно-культурных ценностей и взаимоотношений. Однако в результате колониальной политики Российской империи сакральное культурное пространство казахского общества было нарушено.

Ключевые слова: Социальный статус, социальные группы, общественная организация, казахское общество, историография, батыры, биі, тарханы

Для цитирования: Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. Проблемы социального статуса в казахском обществе позднего средневековья // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. С. 343–355. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_343-355

Кіріспе

Ортағасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуының ерекшеліктерін талдағанда әлеуметтік топтардың мәртебесі мен өзара мәртебелік иерархиясын зерттеу маңызды. Әлеуметтік мәртебе мәселелері арқылы біз түрлі әлеуметтік топтардың қоғамдағы позицияларын, рөлдерін көрсете отырып, қоғамның ұйымдасу ерекшеліктері, оның ішінде топтарың түрлі ресурстарға (материалдық игіліктер, қоғамдық-саяси өмірдегі билік және т.б. – авт.) қол жеткізу жолдарын талдай аламыз. Сондай-ақ қоғамдық көзқарастар мен құндылықтар жүйесінің қалыптасуы мен күнделікті өмірдегі өзара қарым-қатынастардың сипатын анықтауға болады.

Қазіргі әлеуметтік ғылымдарда мәртебе ұғымы «белгілі бір үміттермен, құқықтармен және міндеттермен байланысты әлеуметтік жүйенің тұрақты жағдайы» ретінде қарастырылады (Джери, Джери, 1999). Әр адам қоғамда бірнеше позицияны иелене алуы мүмкін. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамындағы батыр – ел қорғаушы, тайпа не ру көсемі, елші де бола алды. Зерттеушілер осы әлеуметтік позициялардың әрқайсысы мәртебе деп аталатындығын көрсетеді. Осылаша адамның бірқатар мәртебесі болуы мүмкін болса да, олардың бірі негізгі болады, бұл оның қоғамдық жағдайын анықтайды (Смелзер, 1994: 72).

Қазақ қоғамының әлеуметтік стратификациясының (ақ сүйек және қара сүйекке бөліну) басты ерекшелігі қазақ халқының қалыптасу үдерісінің соңғы кезеңіндегі (XIII–XV ғғ. алғашқы жартысы) маңызды факторларға байланысты анықталды. Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамындағы екі әлеуметтік жіктің әлеуметтік мәртебесі, олардың шығу тегімен анықталды (төре тұқымы, қожалар және қарапайым халық). Қара сүйекке жатқан бұқара халық өз ішінде түрлі әлеуметтік топтарға жіктелді. Сондықтан мақалада осы топтардың әлеуметтік мәртебесінің мәселелері қарастырылады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақаланың негізгі мәселесі (әлеуметтік мәртебе – авт.) классикалық зерттеушілердің тұжырымдарына негізделеді. Атап айтқанда Макс Вебер әлеуметтік стратификацияны жан-жақты талдай келе, мәртебенің негізгі үш компонентін атап, бедел және билікті бөліп көрсетеді (Вебер, 1990: 86). Келесі бір классикалық зерттеуші Пьер Бурдьё «капитал формалары» туралы тұжырымын жасап, олардың әлеуметтік мәртебе мен мүмкіндіктерге әсерін талдады (Бурдьё, 2005: 576). Бұл тұжырымдар әлеуметтік мәртебе ұғымын айқындатуға және сол арқылы қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуы мен әлеуметтік қарым-қатынастарының ерекшеліктері туралы салыстырмалы-тарихи және тарихнамалық зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін пәнаралық зерттеу принциптері құрайды. Деректік негізі ретінде жазба деректермен қатар халық фольклоры, ауыз әдебиет үлгілері қарастырылады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің дерек ретіндегі маңызы олар жазба деректер жеткізе алмайтын қоғамның ішкі процесстерінен тереңірек мәлімет береді. Әлеуметтік мәртебе адамның қоғамда қалай қабылданатынына, одан қандай мінез-құлық күтілетініне және қандай сипаттамаларға ие болуы тиістігін және оған әсер ететін барлық элементтерді қамтитындығын ескерсек ауыз әдебиеті үлгілері дәл осындай халық жадындағы образдарды ашып көрсете алады. Жыр-дастандар мен ауызша тарих айту халықтың ұжымдық жады ретінде көрініс береді. Қазақ фольклорының үлгілері «Бабалар сөзі» атты 100 томдық жинақа енген басылымдары бойынша пайдаланылды. Қазақ хандығының әлеуметтік ұйымдасуының

ерекшеліктері, оның құрылымы мен жекелеген әлеуметтік топтарың институционалдық орнына қатысты деректерді негізінен мақаланың хронологиялық шеңберін қамтитын XV ғасырдың екінші жартысы мен XVIII алғашқы ширегіне қатысты парсы, түркі және орыс тілдеріндегі жазба деректер құрайды (Материалы по истории Казахских ханств, 1969; История Казахстана в русских источниках, 2005; История Казахстана в русских источниках, 2005а).

Бұл материалдар қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтар мәртебесінің қалыптасу жолдарына әсер еткен факторлар, мәселен, шығу тегі, тұлғалық қасиеттері, материалдық жағдайы, кәсібі тәрізді және т.б. факторлардың қайсысы бірінші орында тұрды және оның өзіндік ерекшеліктері қалай көрінді, оның қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуының ерекшеліктерімен байланысын, әлеуметтік мәртебенің пайда болуы, өзгеруі, сондай-ақ оның ұрпақтан ұрпаққа берілу түрлері, фольклордағы көрінісі мен әлеуметтік мәртебеден айырылып қалу жолдарын талдауға маңызды орын алады.

Талқылау

Отандық тарихнамада әлеуметтік мәртебе мәселелері қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуының принциптері, қоғамның саяси, экономикалық құрылымының ерекшеліктерімен байланысты талданды. Мысалы, Ж.Артықбаев қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдасуының басты ерекшелігі ретінде генеалогиялық байланыстар, яғни рулық құрылымның маңызына тоқталады. Әлеуметтік құрылымның маңызды көрсеткіші сословие ретінде өзіндік құқықтары мен міндеттері бар элитарлы сипаттағы түрлі топтарды атайды. Бұл топтардың өзіне тән белгілі әлеуметтік мәртебесімен қатар этнографиялық іс-әрекеттер (соның ішінде материалдық сипатағы – авт.) тән екендігін атап өтті (Артықбаев, 2005: 232).

Осы орайда Н. Әлімбайдың қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуының этно және социомәдени ерекшеліктері (Алимбай, 2009; Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2011: 11–34) туралы тұжырымдары маңызды. Келесі зерттеуші А. Оразбаеваның қазақ қоғамы ұйымдасуының өркениеттік ерекшеліктері туралы тұжырымдары (Оразбаева, 2005: 201–224; Оразбаева, 2017: 203–230) да тарихнамалық талдауымыздың методологиялық ұстанымын айқындайды.

А. Оразбаева батыс пен шығыс мәдениетінің принципіальді ерекшелігі тек қана өндіріс тәсілері, базисі, горизонтальді-вертикальді әлеуметтік құрылымы, сыртқы саяси көрсеткіштерінде ғана емес, рухани фактордан, яғни өркениетті қалыптастырушы ретіндегі адамның тіршілік кешу әрекетінен, өзін тануынан, қоршаған ортаның «жазылмаған заңдарымен» өзін-өзі тәрбиелейтін адамның мәдениеті мен оның ішкі рухани ұйымдасуымен ерекшеленетіндігін атап өтеді (Оразбаева, 2017: 211).

Ал, қазіргі тарихнамадағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы батырлар, билер, тархандар, жасауылдар, аталықтар және т.б. институттары туралы жүргізілген зерттеулерде (Оразбаева, 1998; Исенов, 2009; Дауытбекова, 2010; Қайрғалиева, 2010; Ерофеева, 2013) зерттеу фокусы аталған әлеуметтік топтардың әлеуметтік мәртебесі, олардың өзара иерархиясына толық аударылмағанын көреміз. Соңғы жылдары Қазақ хандығындағы аталықтар институтының кейбір аспектілері қарастырылған бірнеше еңбектер жарық көрді (Омари, 2011; Артықбаев, 2015; Кемелбеков, Жасымбаев, 2013; Атығаев, 2021). Дегенмен, К.Ш. Хафизова Қазақ хандығындағы аталықтар институты туралы мәліметтер әмір Темір және оның ұрпақтарының империясымен, сондай-ақ басқа да Орта Азия хандықтарымен салыстырғанда аз екенін атап өтеді (Хафизова, 2019: 372). И.В. Ерофеева Тәуке хан кезіндегі қазақ қоғамындағы аталықтың әлеуметтік мәртебесі рубасының мәртебесінен төмен болғанын, оның Бұхар хандығымен салыстырғанда өзгеше болғанына тоқталады (История Казахстана в русских источниках, 2005а:389). Аталықтар мәртебесінің төмендеуін Н. Атығаев Тәуке хан реформаларынан кейін орын алды деп санайды (Атығаев, 2021: 10). Қазіргі зерттеулерде А.Оразбаева атап өткендей әлеуметтік қарым-қатынастардың горизонтальді және вертикальді байланыстарының ерекшеліктеріне назар аударылмай келеді. Зерттеуші горизонтальді әлеуметтік ұтқырлық, басқаша айтқанда индивидтің немесе

әлеуметтік нысанның бір деңгейдегі әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа ауысуын, ал вертикальді байланыстар бір әлеуметтік қабаттан екіншісіне жоғары немесе төменге ауысуы екендігін көрсете отырып, «қоғамдық пирамиданың» иерархиялық деңгейлерін талдаудың маңыздылығына тоқталады. Сондай-ақ «әлеуметтік құрылым әдетте функционалдық әдіснама шеңберінде – қоғам үшін функционалдық маңызды позициялар мен институттардың жиынтығы ретінде немесе әлеуметтік теңсіздік категорияларында – жеке адамдар мен топтардың жағдайын көрсететін архитектуралық емес әлеуметтік байланыстардың жиынтығы ретінде сипатталатындығына» назар аударады (Оразбаева, 2005: 206). Осылайша бұл тұжырымдар мақалада қазақ қоғамындағы индивидтің немесе әлеуметтік нысанның әлеуметтік мәртебесінің пайда болуы, өзара байланыстары және өзіндік ерекшеліктерінің қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымының өзінің сипатымен байланысты талданады.

Зерттеу нәтижелері

Жалпы ортағасырлардағы экономикалық базисі көшпелі мал шаруашылығына негізделген қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен оның ерекшеліктерін зерттеудің отырықшы-егіншілікке негізделген қоғамдармен салыстырғанда өзіндік теориялық-методологиялық тұрғыдан қиындықтары бар. Классикалық тұжырымдармен дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қарым-қатыстарды, әлеуметтік топтардың қалыптасуы мен олардың орны, мәртебесі, өзара иерархиясын анықтау мүмкін емес. Солардың бірі көшпелі қоғамның әлеуметтік стратификациясын анықтаудағы қиындық екендігін атап өтуге болады. Себебі көшпелі қоғамдардағы әлеуметтік стратификация ұғымы отырықшы қоғамдардың классикалық әлеуметтік пирамидасына әрдайым ұқсас бола бермейді. Көшпенділердегі иерархия деңгейлері түрі жағдайларға байланысты икемді болуымен ерекшеленеді.

Әлеуметтік мәртебе түрлерін қалыптасқан ұғымдар шеңберінде талдасақ, (мысалы жынысына, этникалық және әлеуметтік тегіне байланысты туа біткен немесе тағайындалған – авт.) қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелісі шығу тегіне қарай (шынғыс ұрпақтары, қожалар және қарапайым бұхара халық – авт.) ақсүйек және қарасүйек болып бөлінуінен көрінді.

Екіншіден әлеуметтік мәртебенің адамның қоғамдағы функцияларымен, оның әлеуметтік өзара әрекеттесудің басқа қатысушыларына қатысты құқықтары мен міндеттерімен анықталатын түрі бойынша қазақ қоғамындағы батырлар, билер, тархандар, аталықтар, төлеңгіттердің және т.б. топтардың мәртебелерін қарастыруға болады. XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихына қатысты парсы, түркі тіліндегі жазба деректерден қоғамның әлеуметтік құрылымына қатысты аталық, бахадүр, бек, би, қалантар, қараша-бахадүр, қараша, көшбегі, көкелташ, құсбегі, мырза, нөкер, жасауыл, ұлысбегі, жүзбасы тәрізді әлеуметтік топтары мен лауазымдардың атауларын көптеп кездестіруге болады (Материалы по истории Казахских ханств, 1969: 19, 20, 22, 23–28, 137, 143, 212, 337 және т.б.).

Әлеуметтік мәртебелерді талдағанда индивидтің жеке қабілеттері арқылы қол жеткізген мәртебені ажырату маңызды. Осы орайда, дәстүрлі қоғамда мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын айқындайтын билер, батырлар мен ақсақалдар тобының әлеуметтік элитасы болды. Олардың қоғамдық-саяси және әлеуметтік қарым-қатыныстардағы ықпалы, билігі мен орны жеке еңбегі мен тұлғалық қасиеттеріне қарай қол жеткізген мәртебесімен ғана емес, сонымен бірге осы мәртебенің қоғам тарапынан мойындалуымен бекітілді. Қазақ қоғамындағы ерекше әлеуметтік топты құраған, жеке әлеуметтік институт болып қалыптасқан батырлардың әлеуметтік мәртебесінің пайда болу жолдары тұлғаның жеке бас қасиеттеріне ғана байланысты туындайтын әлеуметтік атақ пен мәртебе. Мәселен, қазақ қоғамындағы батыр атағы мирасқорлық жолымен берілмейтіндігін, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ғана ие болатындығы белгілі. Деректерден батыр атағын қарасүйектен шыққан қара халық өкілдері де, ақсүйек өкілдеріне жататын хан-сұлтандар да иеленгенін анық көреміз. Мәселен атақты Тәуке хан өзінің мөрінің астына «Тәуекел Мұхаммед батыр хан» деп жазған (История Казахстана в русских источниках, 2005: 402). Жеке ерлігімен ғана батыр мәртебесіне

ие болатын батырлар одан әрі тағыда жеке бас қасиеттері мен ерлік істеріне сәйкес өз ішінде мәртебеленген. Қ.Ахметжанов «ата-бабаларынан бері қарай «Батыр» атанып келе жатқан, ауыр жараланса да ұрыс даласын тастамағандар «қара Батыр», не «қара Берен Батыр», қауіп-қатерді елемей, ұрысқа жалғыз кіріп ерлік көрсеткен адам «жеке Батыр» атанған дей келе, талай рет қақпа бұзып жау қамалына ойран салған ерлерін қазақ «қамал бұзған қас батыр» деп ерекшелеп атағанын атап өтеді (Ахметжанов, 1996: 3).

Зерттеушілер қазақ қоғамындағы батырлар мен билердің әлеуметтік мәртебесінің өсуін XVII–XVIII ғасырлардағы ішкі және сыртқы факторлармен тығыз байланыстырады. Олардың әскери-саяси мәртебесі ең алдымен отанды қорғаушылар ретінде көрініс беріп, бірте-бірте ру-тайпалық элита ретінде қалыптасуына жол ашты. И. Ерофеева XVIII ғасыр басында қазақ қоғамындағы батырлар рөлінің өсуін сыртқы саяси жағдайдың шиеленісуі мен қазақтардың әлеуметтік ұйымдасуындағы әскери-потестарлық құрылымдардың белсенділігінің артуымен байланыстыра отырып, бұл батырлардың әлеуметтік беделі мен көшбасшылық рөлін арттырғаны туралы тұжырым жасаған (Ерофеева, 1997: 33–35). Одан әрі батырлар тобының кейбір өкілдері ру-тайпа деңгейінен көтеріліп, мемлекет істеріне атсалысып, халықаралық сырты саяси байланыстарда маңызды рөл атқарды. Олар бұл кезеңде көбінесе елшілер ретінде танылды (История Казахстана в русских источниках, 2005: 402–403; История Казахстана в русских источниках, 2005а: 267, 300, 305). Сондықтан біз батырлардың әлеуметтік мәртебесінің зерттелуін талдағанда олардың әскери-саяси мәртебесі мен әлеуметтік беделі және көшбасшы ретіндегі мәртебесінің қазақ қоғамының саяси өмірі мен қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарында өзіндік орынға ие болғанын тұжырымдаймыз.

Қазақ қоғамындағы институцияланған тағы бір ерекше әлеуметтік топ – билердің әлеуметтік мәртебесі олардың шығу тегімен, материалдық немесе т.б. жағдайымен байланысты емес, батырлар сияқты тек қана жеке тұлғалық қасиеттерімен байланысты болды. А.Оразбаева батыр мен би атағына тұлғаның тек өзінің жеке бас қасиеттеріне қатысты ғана қол жеткізе алатындағын атап өте отырып, бидің бойынан табылар қасиеттер шешендік, тапқырлық, өршілдік, тура мінезділік т.с.с. болса, батырға – жүректілік, көзсіз ерлікке бейімділік, қолбасшылық қабілет т. б. тән дей келе, бірақ батыр институтына қарағанда би институтының әлеуметтік табиғаты анағұрлым күрделі деп жазады (Оразбаева, 2004: 86). Автор «батыр» деп хан тұқымы да, қарасүйек те атала бергенін, мысалы Тәуекел бахадүр хан, Тәуке бахадүр хан, Абылай бахадүр хан және т. б. атап өтіп, алайда хан тұқымынан шығып би атанған кісі жоқ деп тұжырымдаған (Оразбаева, 2004: 86). Осылайша билердің әлеуметтік мәртебесі ең бірінші қол жеткізілетін, яғни адамның жеке бас қасиеттеріне ғана байланысты қалыптасатындығын көреміз. Н. Әлімбай «шынжыр қатары үзілмеген үрім-бұтақ» деп аталатын би әулеттерінен шыққан, би болудан үміткер балалары билік жүргізетін әкелерінің үлкен мектебінен өтетін атап өте отырып, дегенмен жеткіншектердің шаршы топқа түсіп, айырықша қасиеттерімен дараланғандарын ғана бала би деп атайтынына тоқталады. Оған әрі, бірақ олардың әрқайсысы бәрібір жоғарыда аталған бүкілхалықтық тандау – сұрыптау механизмінен сүрінбей өткенде ғана би атануға мүмкіндік алғанын алға тартады (Әлімбай, 2024: 34).

Жалпы билердің саяси, қоғамдық өмірдегі атқаратын функциясына сәйкес XVIII ғасырдағы хандық институттан кейінгі маңызды орынға ие болғанын көреміз. Зерттеушілер дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында билер формальді түрде хан, сұлтандардан төмен тұрғанымен, кей жағдайларды іс жүзінде қолына бүкіл ішкі саяси-әлеуметтік билік тетіктерін шоғырландырған және нақты іс-әрекетке қабілетті бірден-бір қоғамдық институт рөлін атқарды деуге толық мүмкіндік бар деген тұжырым жасаған (Оразбаева, 2004: 87). Дегенмен, қазақ қоғамының саяси, қоғамдық ұйымдасуы мен әлеуметтік құрылымына қатысты соңғы зерттеулер мен пайымдарды есепке ала келе, билер институтын хан билігінен (мемлекеттік биліктен – авт.) жоғары тұрды деген тұжырымдармен келісуге болмайды деп есептейміз. Орыс деректеріндегі «аты аталған билер, хан балалары, басқа сұлтандар ел талабына сай қызмет істесе халыққа жағымды, сыйлы, ал керісінше жасаса,

ешкім олармен санаспайды, тілін алмайды» (Материалы по истории, 1940:120) деген сипаттағы мәліметтерді жалпы қазақ қоғамындағы билік институттарының әлсіздігі емес, керісінше қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастардың өзіндік ерекшеліктері ретінде қарастыруға тиіспіз. Осыған орай біздің тақырыбымыз бойынша билердің де өз ішінде мәртебеленуін тағы да сараптау қажет. Мәселен, А.Оразбаева билер институтының қоғамдық қызметі мен қоғамдық ұйымдасуын (мәртебеленуін – авт.) саяси қарым-қатынастарды реттеу – үш жүз билері, әлеуметтік қарым қатынастарды реттеу – жүздердің төбе билері, рухани құндылықтарды сақтау жеткізу – ру тайпа билері, идеологиялық құндылықтарды насихаттау – ауыл ақсақалдары деп жіктеген (Оразбаева, 2005: 204). Осы арада төбе би мәртебесі үш жүздің бас биі ретінде көрініс беріп келеді. Әдебиеттерде қазақ тарихында үш жүздің төбе биі ретінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер аталады. Ал, Н. Әлімбай көшпелі қазақ қоғамындағы әдеттік-құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін көрсете отырып дауға түскен тараптар тандаған би – төбе би деген мәртебеге ие болғанына тоқталып, бұл мәртебенің құқықтық күші бір ғана іс шеңберінде билік жүргізудің ауқымымен шектелгенін көрсетеді (Әлімбай, 2024: 34). Зерттеуші «күнделікті тіршілікте билердің институционалдық мәртебесін айғақтайтын арнайы атау да, атақ та да болған жоқ. Бірақ олар қоғамдағы әлеуметтік жүйелердің таксономиялық деңгейлеріне сәйкес шамамен екі-үш атадан тараған отбасылардан тұратын ауыл, төртінші-бесінші атадан бірігетін үлкен ауыл, жеті аталық экзогамиялық бірлестік – ру, бірнеше аталас рулар бірлестігі – тайпа, жүз билері деген бүкіл халық мойындаған институционалдық категорияларға жіктелінгендігі аңғарылады» деп тұжырымдаған (Әлімбай, 2024: 34). Дегенмен, бірқатар зерттеушілер XVI–XVIII ғасырдың ортасына дейінгі қазақ қоғамының даму ерекшеліктеріне байланысты жүз жүз билерінің үлкен бедел жинап, төбе би мәртебесін алғандары үш жүздің билеушілері деңгейіне дейін көтерілгенін, осылайша төбе би институтының қалыптасқанын (Султанов, 1982: 84–85; Әлімбай, 2024: 34) көрсетсе, XVIII ғасырда қалыптасқан жағдайға байланысты үш жүздің деңгейінде төрелік жүргізетін «Ұлы би» институтының пайда болуы туралы жазып, Төле би осындай институционалдық мәртебеге ие болғанын дәйектеген (Ерофеева, 1996: 487).

Әрине, билердің бұлай мәртебеленуі XVIII ғасырдағы саяси жағдайға тікелей байланысты болды. Сондықтан, Қазақ хандығында осы кезеңде мемлекетаралық елшілік қызметті де қоса атқару мәртебесінің батырлар мен билердің бәріне беріле бермегенін түсінеміз. Олардың ішінде рулық деңгейден өсіп, елдік деңгейге жеткендері, батырларың ішінде, әсіресе би мәртебесін қоса иеленгендер ғана елшілік қызметін атқарған. Осы арада аталықтар мәртебесіне де тоқтала кетуге болады. Деректерге қарағанда қазақ қоғамында 15-жасқа дейінгі ақсүйек өкілдерінің тәрбиешесі қызметін атқарған аталық лауазымына батырлар да тағайындалған (История Казахстана в русских источниках, 2005а: 291).

Әлеуметтік мәртебелердің пайда болуы мен түрлерін талдағанда индивидтің жеке меншікке ие болу құқығымен (немесе оның болмауымен) анықталатын экономикалық мәртебені талдау маңызды. Себебі кеңестік тарихнамада қалыптасқан таптық жіктеліс принципі бойынша бұл мәселе «бай» мен «кедей» ретінде ғана ажыратылды. С.Г. Кляшторный, Т. Султановтар қазақ қоғамындағы байлар ерекше сословие болған жоқ дей келе, байлар әлеуметтік тұрғыдан қоғамның бір текті емес тобын құрағанын, мәселен бай деп сұлтан да, би де, тіпті қарапайым көшпелі қауым мүшелері атала бергенін атап өткен (Кляшторный, 1993: 351). Деректер мен зерттеулерді саралай келе, біз қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың экономикалық мәртебесі оның жеке әл-ауқатымен және руының беделімен анықталғанына көз жеткіземіз. Дегенмен, тұлғаның материалдық жағдайының төмен болуы оның белгілі бір әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуіне кедергі келтірмеген. Экономикалық тұрғыдан жағдайы анағұрлым төмен болғанына қарамастан кейбір сұлтандар осы әлеуметтік топтың қоғамдағы орны мен мәртебесіне сәйкес барлық игіліктер мен құқықтарды пайдалана отырып, қоғамда ықпалын жоғалтпаған (Кляшторный, 1993: 351).

Сонымен қатар, тағы бір мәселе қазіргі кездегі зерттеулерде де қазақ қоғамына тән әлеуметтік топтардың экономикалық артықшылықтары мен материалдық игіліктерге қол жеткізуге байланысты қоғамның басқа мүшелерін экономикалық тұрғыдан қолдау

мәселелері толық талданбаған. Кеңесік тарихнамада сол кезеңде қалыптасқан методологиялық ұстанымға сәйкес сауын, асар, жүн беру, ат майын беру және т.б. ұғымдардың мәні бұрамаланды (Шакирбаева, 2024:7–8). М. Дауытбекова батырлар институтының ішкі саяси жүйедегі әлеуметтік, құқықтық-экономикалық қызметін негізінен «барымта», «олжа», «сауға» тәрізді ұғымдарымен байланыстыра қарастыру арқылы аталған әлеуметтік ұғымдардың әлеуметтік қарым-қатынастардағы орнын ғана талдаған (Дауытбекова, 2010: 18). Дегенмен, осы орайда олжадан сауға беру батырлардың маңызды әлеуметтік қызметінің бірі ретінде соғыста қаза тапқан жауынгерлердің, кедейлердің отбасыларына материалдық тұрғыдан қолдау түрі болғанын атап өтуге тиіспіз. Бұған ауыз әдебиеті үлгілерінен көптеген дәлелдер келтіруге болады. Мысалы, «Қарадөң батыр» жырында қалмақты жеңіп келгенде былай дейді:

«... Келе жатыр артымда
Қосылған және мал, мүлік,
Малдың саны төрт түлік
Ноғайлының аш-арық.

Соларға, ата, бер бәрін» деп олжадан сауға ретінде түгел таратып береді [Бабалар сөзі, 2008:234]. Осылайша «сауға» институты қоғамның әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған топтарын қолдаудың бір түрі ретінде көрініс береді. Бірақ, өкінішке орай қазіргі кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымдасуы мен оның ерекшеліктері туралы зерттеулерде сауға институтының орны, трансформациясы туралы нақты зерттеулер жоқ. Себебі сауғаның соғыстан түскен олжадан үлес сұрау тәрізді материалдық тұрғыдан қолдау көрсету функциясымен бірге, соғыс кезінде тұтқынға түскен адамның бас бостандығын сұрап алуға, жанын өлімнен сақтап қалу, сонай-ақ жалпы бейбіт заманда да белгілі бір дау-дамайға ұшыраған адамға рақымшылық жасау, оған қорған болу құқығын сұруды да білдіргенінен ауыз әдебиетінің мәліметтері айқын көрсете алады. Мәселен, «Баймағамбет сасады, сауға сұрап басына, ақырын есік ашады», «жылқышы сауға сұрап бабасынан, алдына домалады аттан құлай» немесе «өзіне біткен дүниесін сауға сұрап жинаған» деген фразеологизмдер ауыз әдебиеті үлгілерінде көптеп кездеседі (Кеңесбаев, 1977:456).

Қоғамдық қарым-қатыстармен бірге дәстүрлі әлеуметтік институттардың қызметі де өзгерген сайын «сауғада» мағынасынан біраз өзгеріске ұшыраған әлеуметтік ұғымға айналды. Ол әлеуметтік қарым-қатынастардың төменгі сатысында тұрған индивидтерді материалдық тұрғыдан қолдаудан гөрі, оларды әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан қолдау құралына айналғаны туралы тұжырым жасай аламыз. Себебі, XVIII ғасырдағы батырлар институтына қатысты мәселелерді талдағанда олардың басты мақсаты бұрынғы кеңестік тарихнамада көрсетілгендей олжа табу арқылы (соғыстың басты мақсаты ретінде – авт.) материалдық игіліктерге қол жеткізу емес, керісінше отанды қорғау мақсатын бірінші кезекке қойған. Бірақ, отарлық кезеңнің басталуымен батырлар институтының бұл функциясы өз мәнін өзгерте бастайды. А.Оразбаева XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында біршама уақыт маңызды орын алған тархандық институтты орыс өкіметі тарапынан таңылған, дәстүрлі әлеуметтік иерархияға жат жасанды құбылыс ретінде бағалады (Оразбаева, 2004: 84–85). Ал, Ө. Исенов XVIII–XIX ғғ. тархандық институттың тарихын зерттей отырып, Ресей патшалығы батырлар институтын бірте-бірте тархандар институтына айналдыру арқылы әлсіретуді мақсат тұтты, дәстүрлі қазақ билік институттарына іштен іріткі салатын ресейлік жүйені енгізді, - деп тұжырым жасайды (Исенов, 2009: 17). Себебі тархандардың сол кезеңдегі батырлардан бір ерекшелігі «орыс үкіметіне төленетін қандай да бір алым-салық түрлерінен толық босатылатын және осылайша XVIII ғасырдағы қазақ даласындағы тархандық өзіндік бір дербес лауазым емес, тек орыс үкіметі алдында «ерен енбек сіңірген» батырлар мен билерге қосымша берілетін атақ» ретінде ғана көрініс берген (Оразбаева, 2004: 85). Осылайша, көптеген батырлар әсіресе Ресей мен қарым-қатынастарда сауда байланыстарын жүзеге асыру, соның ішінде керуендерді, сауда және дипломатиялық миссиялардың қауіпсіздігін қамтамасыз етушілер ретінде көрініп, осы қызметтері үшін арнайы ақы алатын болды. Бұл олардың қоғамдағы материалдық жағдайларын жақсарту бойынша әлеуметтік мәртебесінің өзгеруінен

көрінді. Осылайша, XIX ғасырдағы қазақ қоғамына әсер еткен ішкі-сыртқы факторлардың, соның ішінде Ресей патшалығының отарлық саясатының күшеюімен дәстүрлі қазақ қоғамына тән институттардың бірте-бірте өз рөлдерінен айрыла бастауымен, ендігі тұста олар атқарған қоғамдық-саяси қызметтің формасы мен мазмұны жаңа күштердің қолына өте бастағанын көреміз (Дауытбекова, 2010: 20).

Әлеуметтік мәртебенің құрамдас бөліктерінің бірі құқықтық мәртебе болып табылады. Қазақ социумының негізін құраған түрлі әлеуметтік топтарың құқықтық мәртебесі туралы айтқанда ең алдымен «бірінші кезекте, рулық құрылым мен руаралық байланыстар саласындағы ежелден орныққан тәртіп – «ата-баба жолының» ұстанымдарын сақтау ғана жүзаралық және ру-тайпааралық байланыстардың дәстүрлі үйлесімдігін, осы арқылы бүкіл қазақ қоғамының тұтастығын қамтамасыз етіп отырғанымен» (Әлімбай, 2024: 24) негіздеуге болады. Басқаша айтқанда барлық әлеуметтік топтардың құқықтық мәртебесі «ата баба» жолымен анықталды. Ата баба жолы – көшпелі ортадағы қоғамдық қатынастар жүйесінің барлық салалары мен барлық деңгейлерін реттейтін ілкімді нормалардан, принциптерден, басқару тетіктерінен және сан алуан ғұрыптар мен салттардан, ырымдардан тұратын институционалдық қатынастардың негізгі функциясы ежелден қалыптасқан әлеуметтік тәртіп ретінде анықталған (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 330). Осылайша мәселе әлеуметтік мәртебенің құрамдас бөлігін құрайтын құқықтық мәртебе ұғымына кіретін субъектің өз міндеттерін орындамауынан туындайтын жауапкершілігіне байланысты екендігін атап өтеміз. Осылайша әрбір әлеуметтік топтың мәртебесіне сәйкес оның қоғам алдындағы міндеттері мен жауапкершілігі де нақты бекітілді. Осылайша бидің әділ болуы, батырдың елді қорғауы, байдың материалдық қамқорлық жасауы, ақсақалдың елдің сөзін сөйлеуі міндетті болды.

Әлеуметтік мәртебе адамның қоғамда қалай қабылданатындығына, одан қандай мінез-құлық күтілетініне және қандай сипаттамаларға ие болуы тиістігіне әсер ететін барлық элементтерді қамтиды. Осы орайда батыр, би, ақсақал, бай және т.б. топтардың әлеуметтік мәртебесіне сәйкес ерекше дәстүрлер қалыптасты. М.Дауытбекова батырлардың әлеуметтік, рухани-моральдік бет-бейнесі туралы «Құндылықтар жүйесін қоғамның өзіндік тарихи-мәдени ерекшеліктерден туындайтын қоғамдық феномен ретінде қарастыра отырып, дәстүрлі қазақ қоғамындағы қазақ батырларының өзіндік ұстанымдары, дәстүрлері, қасиеттері мен тұрмысы, салт-санасы, ар-намыс кодекстері, принциптері, портреті мен бейнелік тұлғалары, өзіндік мұраты, қоғамдық қызметі, этикалық ерекшеліктері, ырым-жоралғыларын құндылықтар категорияның ажырамас бөлшегі ретінде зерттеу қажеттігін көрсетеді. Қазақ батырлары да жапон самурайлары, үнді кшатрийлері сияқты қазақ қоғамында өзіндік салт-дәстүрлері мен мектебі қалыптасқан әлеуметтік топты құрады» деп тұжырымдаған (Дауытбекова, 2010: 22). С. Зиманов: «Би қазақ даласында хан болған жоқ. Бірақ ол өзінің жеке қасиеттері мен әлеуметтік межелер билігінде ханнан да жоғары тұрды. Сондықтан да халық арасында: «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің ары, білімі бар» деген түсінік қалыптасқанын айта кетеді. Ғалым «Қазақтың құқық жүйесінің қозғаушы күші, алтын дінгегі, ерекше әлеуметтік категория «билер» болған» дей келе, «би» өз бойына саяси-құқықтық өмірдің қыр-сырын меңгерген жан» дейді де: «ол дала төсіндегі әділдіктің жаршысы, қара қылды қақ жарған төреші (сот), үлгілі жол- жоралғы түзе білген заң шығарушы, өрелі сөзді өрнектеген ақын, қызыл тілдің көркімен, ыстық тезімен талайды пәтуға келтірген шешен, батыр, әмбебап тұлға» ретінде сипаттайды (Зиманов, 2009: 204).

Сонымен қатар, әлеуметтік мәртебе, белгіленген компоненттерден басқа, жеке тұлғаның отбасылық мәртебесін де қамтиды. Дәстүрлі қоғамда отбасылық мәртебе үлкен маңызға ие және адамның әлеуметтік мәртебесіне автоматты түрде әсер етеді. Бұл ауыз әдебиетіндегі әртүрлі мақал-мәтелдерден («Ата даңқымен қыз өтер, мата даңқымен бөз өтер», «Жақсы әкенің аты жаман балаға қырық жыл азық» және т.б. – авт.) анық көрінеді.

Қорытынды

Қорыта келе, қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың әлеуметтік мәртебесінің қалыптасу ерекшеліктері, өзгерістері және ұрпақтан-ұрпаққа берілу жолдары мен оның қоғамдағы билік пен ресурстарға қол жеткізуге әсері қазақ қоғамының рулық-тайпалық ұйымдасу ерекшелігімен тікелей байланысты болғанын көреміз. Осылайша әлеуметтік мәртебенің пайда болуының ең басты жолы адамның жеке бас қасиеттері мен жетістіктеріне тікелей байланысы болды. Әлеуметтік мәртебенің туа біткен немесе тағайындалған түріне байланысты қоғамдық қарым-қатынастардың өзіндік ережелері қалыптасты. Сондықтан қазақ қоғамында индивидтің жеке қабілеттері арқылы қол жеткізген мәртебесіне байланысты қалыптасқан әлеуметтік элитаның билігі мен орны қоғам тарапынан мойындалып, бекітілді. Қазақ қоғамындағы билер мен батырлардың қоғамдық мәртебесінің өсуіне тарихи жағдайлармен бірге, олардың тұлғалық қасиеттері де ерекше әсер еткен. Зерттеу барысында қазақ қоғамына тән әлеуметтік топтардың экономикалық және құқықтық мәртебесінің мәселелері зерттелмегеніне көз жеткіземіз. Сонымен қатар әлеуметтік мәртебе белгілі жауапкершіліктер мен міндеттерді жүктей отырып, тиісті тұлғалық қасиеттерге сай болу қажеттілігін де анықтаған. Бұл қазақ қоғамының экономикалық-әлеуметтік және қоғамдық-саяси ұйымдасуының ғана емес, жалпы рухани-мәдени құндылықар желісі мен қарым-қатынастар нормасын түзеді. Бірақ, уақыт өте келе отарлау саясатының нәтижесінде қазақ қоғамының мәдени сакральді кеңістігінің бұзылуымен бұл қағидалар да өзгеріске ұшырады.

Әдебиеттер

- Алимбай, 2009 — *Алимбай Н.* Кочевая община казахов: проблемы этносоциологической реконструкции // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена, 2009. № 96. С. 317–326.
- Артықбаев, 2005 — *Артықбаев Ж.* Кочевники Евразии (в калейдоскопе веков и тысячелетий): научное издание Санкт-Петербург: Мажор, 2005. 5 с.
- Артықбаев, Жаркешов, 2015 — *Артықбаев Ж.О., Жаркешов Е.С.* Қазақ хандығындағы мемлекеттік басқару институттары. Ғылыми мақалалар жинағы Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2015. 304 б.
- Атыгаев, 2021 — *Атыгаев Н.* Аталыки и институт аталычества в Казахском ханстве // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение, 2021. № 3. С. 10–24.
- Ахметжанов, 1996 — *Ахметжанов Қ.С.* Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. Алматы: Дәуір, 1996. 256 б.
- Әлімбай, 2024 — *Әлімбай Н.* Көшпелі қазақ қоғамындағы әдеттік-құқықтық қатынас пен іс-тәжірибенің антропологиясы (XVIII – XIX ғ. 60-жылдары) // *Turkic Studies Journal*, 2024. № 2. Б. 23–56.
- Бабалар сөзі, 2008 — *Бабалар сөзі:* Жүзтомдық. Т. 50. Батырлар жыры. Астана: Фолиант, 2008. 464 б.
- Бурдые, 2005 — *Бурдые П.* Социальное пространство: поля и практики / Пер. с франц.; Отв. ред. перевода, сост. и послесловие Н.А. Шматко. Санкт-Петербург: Алетейя, 2005. 576 с.
- Вебер, 1990 — Вебер М. Основные понятия стратификации // Избранные произведения. Москва, Прогресс, 1990. 808 с.
- Дауытбекова, 2010 — *Дауытбекова М.Қ.* Қазақ қоғамындағы батырлар институты: тарих. ғыл. канд. ... дис.: 07.00.02., Алматы: Қазақ университеті, 2010. 24 б.
- Джерри, 1999 — *Джерри Д., Джерри Дж.* Большой толковый социологический словарь. Москва, 1999. Т. 2. 528 с.
- Ерофеева, 1999 — *Ерофеева И.В.* Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы: Санат, 1999. 336 с.
- Ерофеева, 2013 — *Ерофеева И.В.* «Между всеми старшинами знатнейший. первый казахский тархан Жанибек Кошкарұлы. Алматы, 2013. 308 с.
- Исенов, 2009 — *Исенов Ә.И.* Қазақ қоғамындағы тархандар институты тарихы (XVIII–XIX ғғ.): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2009. 24 б.
- История Казахстана в русских источниках, 2005 — *История Казахстана в русских источниках в XVI–XX веков. Том 1. Посольские материалы Русского государства (XV–XVII вв.). Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словарей указателей А. Исына. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 704 с.*

- История Казахстана в русских источниках, 2005а — *История Казахстана в русских источниках в XVI–XX веков. Т. 2. Русские летописи и официальные материалы XVI – первой трети XVIII в. о народах Казахстана. Составление, транскрипция, комментарии, вступительная статья И.В.Ерофеевой.* Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 448 с.
- Кемелбеков, 2013 — *Кемелбеков, Б. Жасымбаев Е.* Қазақ хандығының аталықтары мен төлеңгіттері: мемлекетке қызмет істеу, тарихи оқиғаларға қатысы және шежіресі Алматы: «ИнформАрна», 2013. 480 б.
- Кеңесбаев, 1977 — *Кеңесбаев И.К.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. 711 б.
- Кляшторный, 1992 — *Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.* Казахстан летопись трех тысячелетий. Алма-Ата: Рауан, 1992. 375 с.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017 — *Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі.* Энциклопедия. Т.1. А-Б. Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция». 856 б.
- Қайырғалиева, 2010 — *Қайырғалиева Г.* Батырлар институты және оның дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны (Бөкенбай батыр әулетінің негізінде): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Орал, 2010. 24 б.
- Материалы по истории Казахских ханств, 1969 — *Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений. Составители С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин.* Алма-Ата, 1969. 652 с.
- Материалы по истории, 1940 — *Материалы по истории Казахской ССР. Т. IV.* Москва-Ленинград: Издательство АН СССР, 1940. 543 с.
- Омари, 2011 — *Омари Ж.* Аталықтар әулеті: Арыстан, Барқы, Нияз. Астана: «Алтын кітап», 2011. 414 б.
- Оразбаева, 1998 — *Оразбаева А.И.* Қазақ қоғамындағы билер институты: тарихи бастаулары, орны және ролі (XVIII ғасыр): тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Алматы, 1998. 151 б.
- Оразбаева, 2004 — *Оразбаева А.И.* Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 206 б.
- Оразбаева, 2005 — *Оразбаева А.И.* Цивилизация кочевников евразийских степей. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 309 с.
- Оразбаева, 2017 — *Оразбаева А.И.* Формула государственности казахов. Москва: Press-Book.Ru, 2017. 376 с.
- Смелзер, 1994 — *Смелзер Н.* Социология. Пер с англ. Москва: Феникс, 1994. 688 с.
- Султанов, 1982 — *Султанов Т.И.* Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). Москва: Наука, 1982. 134 с.
- Хафизова, — *Хафизова К.Ш.* Степные власти и их дипломатия в XVIII–XIX веках. Монография. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. 476 с.
- Шакирбаева, 2024 — *Шакирбаева И.Т.* Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік ұғымдар мен категорияларды зерттеу мәселелері. ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. № 4. 2024. Б. 4–13.

References

- Akhmetzhanov, 1996 — *Akhmetzhanov K.S.* Zaragan temir kigendeler: Batyrlarning karu-jaragy, askeri oneri, salt-dasturlery [Men in shining armor: Weapons, military art, and traditions of batyrs]. Almaty: Dauir, 1996. 256 p. (In Kaz.).
- Alimbai, 2009 — *Alimbai N.* Kochevaya obshchina kazakhov: problemy etnosotsiologicheskoi rekonstruktsii [Nomadic community of the Kazakhs: issues of ethnosociological reconstruction] // *Izvestiya Rossiiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I. Gertsena*, 2009. No. 96. Pp. 317–326. (In Russ.).
- Alimbai, 2024 — *Alimbai N.* Koshpeli kazakh kogamyndagy adet-tyk-kuiktyk katynas pen is-tazhiribenin antropologiyasy (XVIII–XIX g. 60-zhyldary) [Anthropology of customary law and practices in nomadic Kazakh society (XVIII – mid-XIX centuries)] // *Turkic Studies Journal*, 2024. No. 2. Pp. 23–56. (In Kaz.).
- Artykbaev, 2005 — *Artykbaev Zh.O.* Kochevniki Evrazii (v kaleidoskope vekov i tysyacheletii): nauchnoe izdanie [Nomads of Eurasia (in the kaleidoscope of centuries and millennia): scientific edition]. Saint Petersburg: Major, 2005. 319 p. (In Russ.).
- Artykbaev, Zharkeshov, 2015 — *Artykbaev Zh.O., Zharkeshov E.S.* Kazakh khandygyndagy memlekettik baskaru instituty [State governance institutions in the Kazakh Khanate]. Astana: Akademiya gosudarstvennogo upravleniya pri Prezidente Respubliki Kazakhstan, 2015. 304 p. (In Kaz.).
- Atygaev, 2021 — *Atygaev N.* Atalyki i institut atalychestva v Kazakhskom khandstve [Atalyks and the institution of atalykship in the Kazakh Khanate] // *Vestnik ENU im. L.N. Gumileva. Seriya: Istoricheskie nauki. Filosofiya. Religiovedenie*, 2021. No. 3. Pp. 10–24. (In Russ.).
- Babalar sozi, 2008 — *Babalar sözi: Zhyztomdyk* [Grandfather's speech. One hundred volumes]. T. 50. Batyrlar zhyry. Astana: Foliant, 2008. 464 p. (In Kaz.).
- Bourdieu, 2005 — *Bourdieu P.* Sotsial'noe prostranstvo: polya i praktiki [Social space: fields and practices] / Translated from French; N. A. Shmatko (Ed.). Saint Petersburg: Aleteiya, 2005. 576 p. (In Russ.).
- Dauytbekova, 2010 — *Dauytbekova M. K.* Kazakh kogamyndagy batyrlar institut: tarikh [The institution of batyrs in Kazakh society: history]. Candidate's dissertation. Almaty: Kazakh University, 2010. 24 p. (In Kaz.).

Isenov, 2009 — *Isenov O. I. Kazakh kogamyndagy tarkhandar instituty tarikhy (XVIII–XIX gg.): tarikhy gylymdarynyn kandidaty gylmy darezhesin alu ushyn dayyndalghan dissertatsiyany avtoreferaty* [History of the institution of tarkhans in Kazakh society (XVIII–XIX centuries): Autoreferat of candidate's dissertation]. Almaty, 2009. 24 p. (In Kaz.).

Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikah, 2005 — *Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikah v HVI–HH vekov. Tom 1. Posolskie materialy Russkogo gosudarstva (XV–XVII vv.)* [History of Kazakhstan in Russian sources in the 16th–20th centuries. Volume 1. Embassy materials of the Russian state (15th–17th centuries)]. Sostavlenie, transkripciya skoropisi, specialnoe redaktirovanie tekstov, vstupitelnaya statya, kommentarii, sostavlenie slovnikov ukazatelej A. Isina. Almaty: Dajk-Press, 2005. 704 p. (In Russ.).

Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikah, 2005a – *Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikah v HVI–HH vekov. T. 2. Russkie letopisi i oficialnye materialy HVI – pervoj treti HVIII v. o narodah Kazahstana* [History of Kazakhstan in Russian sources in the 16th–20th centuries. Vol. 2. Russian chronicles and official materials of the 16th – first third of the 18th century about the peoples of Kazakhstan]. Sostavlenie, transkripciya, kommentarii, vstupitelnaya statya I.V.Erofeevoy. Almaty: Dajk-Press, 2005. 448 p. (In Russ.).

Jerry, 1999 — *Jerry D., Jerry J. Bolshoi tolkovyi sotsiologicheskii slovar* [Big explanatory sociological dictionary]. Moscow, 1999. Vol. 2. 528 p. (In Russ.).

Kairgalieva, 2010 — *Kairgalieva, G. Batyrlar instituty zhane onyn dasturli kazak kogamyndagy orny* (Bokenbai batyr auletin negizinde): *Tarikhy gylymdarynyn kandidaty gylmy darezhesin alu ushin dayyndalghan dissertatsiyany avtoreferaty* [The institution of batyrs and its place in traditional Kazakh society (based on the lineage of Bokenbai batyr): Abstract of candidate's dissertation]. Oral, 2010. 24 p. (in Kaz.).

Kazakhstyn etnografiyalık kategoriiar, 2017 — *Kazakhstyn etnografiyalık kategoriiar*, ugymdar men ataularynyn dästüryly zhuiesi. Entsiklopediya. T. 1. A-B [Traditional system of ethnographic categories, concepts, and terms of the Kazakh people. Encyclopedia. Vol. 1. A-B]. Almaty: TOO Alem Damu Integratsiya, 2017. 856 p. (in Kaz.).

Kemelbekov, 2013 — *Kemelbekov B., Zhasymbaev E. Kazakh khandygynyn ataliktary men tolengettery: memleketke kyzmet isteu, tarikhy okigalaryna katysy zhane shezhire* [Atalyks and tolengits of the Kazakh Khanate: state service, participation in historical events, and genealogy]. Almaty: Inform-Arna, 2013. 480 p. (In Kaz.).

Kenesbaev, 1977 – *Kenesbaev I.K. Kazak tilinin frazeologiyalyq sozdigi* [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym, 1977. 711 p. (In Kaz.).

Khafizova, 2019 — *Khafizova, K. Sh. Stepnye vlastiteli i ikh diplomatiya v XVIII–XIX vekakh* [Steppe rulers and their diplomacy in the 18th–19th centuries]. Nur-Sultan: KISI pri Prezidente RK, 2019. 476 p. (in Russ.).

Klyashtorny, 1992 — *Klyashtorny S. G., Sultanov T. I. Kazakhstan. Letopis trekh tysyacheletii* [Kazakhstan: Chronicle of three millennia]. Alma-Ata: Rauan, 1992. 375 p. (In Russ.).

Materialy po istorii Kazahskikh hanstv, 1969 – *Materialy po istorii Kazahskikh hanstv XV–XVIII vekov. Izvlecheniya iz persidskikh i tyurkskikh sochinenij* [Materials on the history of the Kazakh khanates of the 15th–18th centuries. Extracts from Persian and Turkic works]. Sostaviteli S.K.Ibragimov, N.N. Mingulov, V.P. Yudin. Alma-Ata, 1969. 652 p. (In Russ.).

Materialy po istorii, 1940 – *Materialy po istorii Kazahskoj SSR* [Materials on the history of the Kazakh SSR]. T.IV. Moskva-Leningrad: Izdatelstvo AN SSSR, 1940. 543 p. (In Russ.).

Omari, 2011 — *Omari Zh. Atalyktar auleti: Arystan, Barky, Niyaz* [The lineage of atalyks: Arystan, Barky, Niyaz]. Astana: Altyn Kitap, 2011. 414 p. (in Kaz.).

Orazbayeva, 1998 — *Orazbayeva A.I. Kazakh kogamyndagy biler instituty: tarikhy bastaulary, orny zhane roli* (XVIII gasyr) [The institution of biys in Kazakh society: historical origins, position, and role (18th century)]. Candidate's dissertation. Almaty, 1998. 151 p. (In Kaz.).

Orazbayeva, 2004 — *Orazbayeva A.I. Dasturli kazakh kogamyna tan biler instituty* [The institution of biys typical of traditional Kazakh society]. Almaty: Daik-Press, 2004. 206 p. (In Kaz.).

Orazbayeva, 2005 — *Orazbayeva A.I. Tsvilizatsiya kochevnikov evraziiskikh stepei* [Civilization of the nomads of the Eurasian steppe]. Almaty: Daik-Press, 2005. 309 p. (In Russ.).

Orazbayeva, 2017 — *Orazbayeva A.I. Formula gosudarstvennosti kazakhov* [The formula of Kazakh statehood]. Moscow: Press-Book.Ru, 2017. 376 p. (In Russ.).

Shakirbaeva, 2024 – *Shakirbaeva I.T. Dastury qazaq qogamyndagy әleumettik ugymdar men kategoriyalardy zertteu мәселелери* [Problems of research of social concepts and categories in traditional Kazakh socie]. QazYU habarshysy. Tarih seriyasy, 4.2024. Pp. 4–13. (In Kaz.).

Smelzer, 1994 — *Smelzer, N. Sotsiologiya* [Sociology]. Translated from English. Moscow: Feniks, 1994. 688 p. (In Russ.).

Sultanov, 1982 — *Sultanov T.I. Kochevye plemena Priaralya v XV–XVII vv. (Voprosy etnicheskoi i sotsialnoi istorii)* [Nomadic tribes of the Aral Sea region in the 15th–17th centuries (Issues of ethnic and social history)]. Moscow: Nauka, 1982. 134 p. (in Russ.).

Weber, 1990 — *Weber M. Osnovnye ponyatiya stratifikatsii* [Basic concepts of stratification] // *Izbrannye proizvedeniya*. Moscow: Progress, 1990. 808 p. (In Russ.).

Yerofeeva, 1999 — *Yerofeeva I.V. Khan Abulkhair: polkovodets, pravitel i politik* [Khan Abulkhair: a commander, ruler, and politician]. Almaty: Sanat, 1999. 336 p. (In Russ.).

Yerofeeva, 2013 — *Yerofeeva I.V. “Mezhdu vsemi starshinami znatneishii”*. Pervyi kazahskii tarkhan Zhanibek Koshkaruly [“The most distinguished among all elders”: The first Kazakh tarkhan Zhanibek Koshkaruly]. Almaty, 2013. 308 p. (In Russ.).

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А. ШҮРШТҚЫРЫЛҒАН ШАЙҚАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫНДА.....	327
Ноғайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	343

ТАРИХ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. ГЕРЖОД ІСІ: АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТ.....	367
Алпыспаева Г.А., Жұман Г., Аубакирова Х.А. XX ҒАСЫРДЫҢ 50–80-ші ЖЖ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕКТЕП БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНГЕ ҚАРСЫ ТӘРБИЕ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	382
Бекмағамбетова М.Ж., Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А. 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ «ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЕЛІКТЕР».....	399
Белялова А., Қаипбаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ (1931–1933 жж.).....	415
Дүйсембаева Н.Б., Жұматай С. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ «МАМАНИЯ» МЕКТЕБІНІҢ ОРНЫ.....	427
Жолсеитова М.А. ОТАРЛЫҚ БІЛІК КОНТЕКСТІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: САЯСИ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУЫ.....	442
Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931–1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К. ҚАЗАҚ КСР-ІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕР ДАЯРЛАУ ТАРИХЫНАН (1950 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	471
Мәлікова С.З., Абуов Н.А. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШТЫҚ ТАРИХЫ.....	488
Мұқанова Г.Қ., Ахметжанова А.Т. ДАЛА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ҰЕЗДІК БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ.....	501
Мұхатова О.Х. АШТЫҚ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОРҒАНСЫЗ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ.....	516
Сағнайқызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. ТҰРАҚТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕТ ДАЙЫНДАУ МЕН ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ (1927–1932).....	531
Сүлейменова Қ., Дауытбекова М.Қ., Құрманалина Н.Н. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ (XVIII ғ.).....	543
Хайдаров Е.Е. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ (1928–1932 жж.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М. ИМПЕРИЯЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ ТРАНСФОРМАЦИЯ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нұрланқызы Г., Бекназаров Р.А. АҚТӨБЕ – ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛА (1869–1946 ЖЖ.): ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылғожин А.Р., Рыскильдин А.Х. ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БОЙЫНША БАШҚҰРТТАРДЫҢ ҚЫПШАҚ ЖӘНЕ ТУЫСҚАН РУЛАРЫ (ТАЙПАЛАРЫ).....	603

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А.	
БИТВА ШУРШУТКЫРЫЛГАН В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ НАРОДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т.	
ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ...	343

ИСТОРИЯ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т.	
РЕЛИГИОЗНЫЙ ВОПРОС В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ	
В КАРКАРАЛИНСКОЙ ПЕТИЦИИ (конец XIX – начало XX вв.).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р.	
ДЕЛО ГЕРЖОДА: НЕРАСКРЫТАЯ ПРАВДА.....	367
Алпыспаева Г.А., Жуман Г., Аубакирова Х.А.	
АНТИРЕЛИГИОЗНОЕ ВОСПИТАНИЕ В СИСТЕМЕ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА	
В 50–80-Е ГГ. XX ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	382
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимоланова А.А.	
«ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОШИБКИ» В ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКАХ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ	
В 1950-Е ГОДЫ.....	399
Беялова А., Каипбаева А.Т.	
ПОЛОЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ ГОЛОДА (1931–1933 гг.).....	415
Дуйсембаева Н.Б., Жуматай С.	
МЕСТО ШКОЛЫ «МАМАНИЯ» В ОБРАЗОВАНИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	427
Жолсеитова М.А.	
МУСУЛЬМАНСКАЯ СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ КОЛОНИАЛЬНОЙ ВЛАСТИ: НАУЧНЫЙ	
АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ СТРАТЕГИЙ И ИДЕОЛОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	442
Каипбаева А.Т., Абиkey А.М.	
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА	
1931–1933 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К.	
ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЬСКИХ КАДРОВ	
В КАЗАХСКОЙ ССР (ПЕР. ПОЛ. 1950-Х ГГ.).....	471
Маликова С.З., Абуов Н.А.	
ИСТОРИЯ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И ГОЛОДА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	488
Муканова Г.К., Ахметжанова А.Т.	
ПРОТЕСТНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ КАЗАХСКИХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВОБ УЕЗДНОМ УПРАВЛЕНИИ	
СТЕПНЫХ ОБЛАСТЕЙ. РУБЕЖ XIX–XX ВЕКОВ.....	501
Мухатова О.Х.	
ПОЛОЖЕНИЕ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ГОЛОДА.....	516
Сагынайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А.	
УСТОЙЧИВОЕ СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО: СВЯЗЬ МЕЖДУ ЗАГОТОВКОЙ МЯСА И ПРИНЦИПАМИ	
ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ (1927–1932).....	531
Сулейменова К., Дауытбекова М.К., Курманалина Н.Н.	
РОЛЬ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ В ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ (XVIII В.).....	543
Хайдаров Е.Е.	
КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И НАРОДНЫЕ ПРОТЕСТЫ	
В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928–1932 гг.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М.	
РЕЛИГИОЗНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ	
В УСЛОВИЯХ ИМПЕРСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нурлановна Г., Бекназаров Р.А.	
АКТОБЕ – ПОЛИЭТНИЧЕСКИЙ ГОРОД (1869–1946):	
ИСТОРИКО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылгужин А.Р., Рыскильдин А.Х.	
КИПЧАКСКИЕ И СВЯЗАННЫЕ С НИМИ КЛАНЫ (ПЛЕМЕНА) БАШКИР ПО ДАННЫМ ГЕНЕТИЧЕСКИХ	
ИССЛЕДОВАНИЙ.....	603

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A. THE BATTLE OF THE SHURSHITQYRYLGAN IN THE HISTORICAL MEMORY OF THE PEOPLE.....	327
Nogaybayeva M.S., Shakirbayeva I.T. PROBLEMS OF SOCIAL STATUS IN LATE MEDIEVAL KAZAKH SOCIETY.....	343

HISTORY

Adilova F.A., Kolumbaeva Z.E., Serubayeva A.T. THE PROBLEM OF RELIGION THE KARKARALIN PETITION IN THE KAZAK STEPPE (late XIX-early XX th centuries).....	356
Azirbekova A.J., Abisheva J.R. GERZHOD'S CASE: THE UNREVEALED TRUTH.....	367
Alpyspaeva G., Zhuman G., Aubakirova H. ANTIRELIGIOUS UPBRINGING IN THE SCHOOL EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN IN THE 1950–1980s OF THE 20th CENTURY: HISTORICAL ANALYSIS.....	382
Bekmagambetova M.Zh., Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A. “IDEOLOGICAL MISTAKES” IN SCHOOL TEXTBOOKS OF KAZAKH LITERATURE IN THE 1950S.....	399
Belyalova A., Kaipbayeva A.T. THE SITUATION OF ETHNIC GROUPS IN KAZAKHSTAN DURING THE FAMINE (1931–1933).....	415
Duisembayeva N.B., Zhumatay S. THE PLACE OF THE “MAMANIYA” SCHOOL IN EDUCATION IN THE EARLY XX CENTURY.....	427
Zholseitova M. MUSLIM EDUCATION SYSTEM IN THE CONTEXT OF COLONIAL POWER: A SCIENTIFIC ANALYSIS OF POLITICAL STRATEGIES AND IDEOLOGICAL DISCOURSE.....	442
Kaipbayeva A.T., Abikey A.M. HISTORIOGRAPHICAL REVIEW OF THE PROBLEM OF MASS FAMINE IN 1931–1933 IN KAZAKHSTAN.....	456
Legkiy D.M., Nurusheva G.K., Turezhanova S.A. FROM THE HISTORY OF TRAINING TEACHERS IN THE KAZAKH SSR.....	471
Malikova S.Z., Abuov N.A. HISTORY OF COLLECTIVIZATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	488
Mukanova G.K., Akhmetzhanova A.T. PROTEST PUBLICATIONS OF THE KAZAKH INTELLECTUALS ABOUT THE DISTRICT ADMINISTRATION OF THE STEPPE REGIONS. THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES.....	501
Mukhatova O.Kh. THE SITUATION OF STREET CHILDREN DURING THE YEARS OF FAMINE.....	516
Sagnaikyzy S., Sartaev S.A., Nusupbaeva S.A. SUSTAINABLE FARMING: LINKS BETWEEN MEAT PROCUREMENT AND GREEN ECONOMY PRINCIPLES IN KAZAKHSTAN (1927–1932).....	531
Suleimenova K., Dautbekova M.K., Kurmanalina N.N. THE ROLE OF KAZAKH BATYRS IN DIPLOMATIC RELATIONS (XVIII CENTURY).....	543
Khaidarov E.E. COLLECTIVIZATION AND POPULAR PROTESTS IN THE WEST KAZAKHSTAN REGION (1928–1932).....	559
Egamberdiyev M.Sh., Turgunbayev Ye.M. RELIGIOUS TRANSFORMATION IN KAZAKH SOCIETY UNDER IMPERIAL MODERNIZATION.....	575

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Nurlanovna G., Beknazarov R.A. AKTOBE – A POLY-ETHNIC CITY (1869–1946): HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC STUDY.....	589
Khabibullin E., Asylguzhin A., Ryskildin A. KIPCHAK AND RELATED CLANS (TRIBES) OF THE BASHKIRS ACCORDING TO GENETIC RESEARCH DATA.....	603

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2025. 12 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй